




12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Бразилиялық музыка





Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Бразилиялық музыка

Дәрістің мақсаты: Американдық үндістерде сақталған аңыз-әңгімелер, әпсаналар, қасиетті орындар, ескерткіштер мен көне заман көрінісін бейнелейтін нысандарды сипаттау арқылы олардың музыка тарихының белестерін көрсету.

Тарих тереңінен сыр шертетін аңыз-әңгімелер, әпсаналар, қасиетті орындар, ескерткіштер мен көне заман көрінісін бейнелейтін нысандар екі түрлі тәсілмен сипатталуы тиіс. Бұл тәсілдерді ауыз әдебиетін жинаушы/фольклорист Джейн Докстатор былайша зерделейді. Біріншіден, зерттеушінің пікірінше, еуропалықтардың негізінен ауызша, бірақ тарихты жазудың құралы ретінде жазбаша құжаттарды пайдаланғанын атап көрсетеді. Алайда, байырғы америкалықтар құжат үлгілерін алуан сипаттағы формаларын жақсы білген. Ауыз әдебиеті үлгілерінің аз болуы, әрбір тіл үшін өзгешелік болып табылады, сондықтан да мұнда өзге тілде жазылған немесе бөгде тілде жазатындар есепке алынбайды. Дегенмен де тарихтың жалпылама бедеріне бейнелеу өнерінің туындылары, байырғы нысандар өз үлесін қосқаны айқын.

Екіншіден, Джейн білім нәрін зерделеудің басты құралы ретінде өзіндік дербестілікті немесе тұлғалық даралықты атап көрсетеді. Тек ән салу ғана емес, сонымен қатар би билеу мен дәстүрлі әдет-ғұрыптарды дәріптейтін көріністерге қатысу, бүгінгі мен болашақты байланыстырып тұрған білім қорын жаңғыртудың барынша ұтымды әдісі болып табылады.

ТАЙПАЛЫҚ САЛТ-ЖОРАЛҒЫЛАР ЖӘНЕ САЛТАНАТТЫ РӘСІМДЕР ТАРИХТЫҢ БІР ТАРМАҒЫ РЕТІНДЕ

Жаңару мен жаңғыру байырғы халық үшін (аборигендер) өткенді, бүгінгіні және болашақты сабақтастырудың ең басты құралы болып табылады. Сондықтан өткізілетін барлық іс-шаралар осы үлде мақсаттан шығудың жолы болып табылады.

Жаңару бірнеше деңгейде өткізілуі мүмкін. Адамдар көптеген жағдайларда өзінің өмірін саралап, өткенін есіне алып, өмірлерін жаңа арнаға ауыстырады. Мәселен, Квебек инну-әйелдері бисердан жасалған сақиналардан дәстүрлі қалпақ тоқыған, олар бұл қапақтарды өз ұлтының бірегейлігін паш ету үшін киетін болған. Әрбір жаңа бисерлі қалпақ отбасының жаңа өмірге қадам басуының белгісі болып табылады.

Көптеген байырғы америкалық халықтар ауыл шаруашылық жылының басталуын Жер-Ананың жаңаруы, жандануы, тіршілік аталуының қайта түлеп, жаңа өмірдің бастауы ретінде салтанатты мерекемен қарсы алған. Орталық ауыл шаруашылық аудандары болып табылатын Онтарио, Квебека және Нью-Йорк штаттарындағы Ходеносон діни ұйымының мүшелері Жер-Ананың әрбір жаңа тартуына зор алғыс білдіретін салт-жоралғыны жыл сайын өткізуді міндетті дәстүрлердің біріне айналдырған. Әрбір тайпа өздерінің іс-шараларын әнмен әсемдеп, бимен әрлеп, маусымдық өзгерістерді, мәселен, қыстың ортасын, үйеңкі шәрбатының әзірленуін, күн күркіреуін, дән себілуін, құлпынайдың пісуін, жүгерінің жетілуін және егіннің жиналуын ерекше салтанатпен атап өткен. Сонымен қатар өмірден озғандарды еске алуға арналған әнмен әрленген әсерлі рәсімдер де өткізеді. Бірақ мұндай әлеуметтік шараларға бөгде адамдар да қатысады, белгілі бір құстардың, аңдардың үйге оралуына байланысты да көптеген салтанатты жоралғылар өткізіледі. Жаңару, алғыс білдіру, жандануды және қайта оралуды мерекелеу барлығы да бір-бірімен тығыз байланысты үдерістер болып табылады.

Көптеген байырғы америка халықтарының мерекелері классикалық әңгімелердің тақырыбы немесе тарихтың жазылуына да себепкер болуы мүмкін. Докстатордың пікірінше, «рухани және мифологиялық жеке тәжірибе белгілі бір түстерді арнайы түсіндіру және салт-жоралғылар қоршаған ұжымдық практикалардан өту барысында қалыптасады».

Ол әннің де Құдайдың үніне ұқсас екендігін, «Сен, сен барсың» деп сипаттап береді. Оның көмегімен Жаратушы Жерді жаратты. Әрі қарай сөйлеу әрекетінің алуан түрлерін талдап, сараптауға болады – ойлау, дем алу, жылау, ән салу – міне, бұлардың әрқайсысы Гро Вентре мен Жоғарғы Жаратушы арасындағы түрлі қарым-қатынастың құралы болып табылады. «Ой тұңғығы терең түбіне жете алмайсың, ол бәрінің бастамасы. Тыныс алу осы тұңғықты көмкереді, Жерді Жаратушы тіршілікке жан бітіру барысында ойлау мен тыныс алуды бір бүтінге айналдырған». Сөйлеу «құрметтеу және таныстық, салтанаттылық және қауыртылық» секілді түрлі мәнмәтіндермен шектелген. Жылау - сөйлеу мен ән салу арасындағы дәнекер/делдал, мұны құлшылық барысында Жаратушыға қол жеткізудің құралы ретінде пайдаланады. Ән салу Грос Вентреда жаһандық қайта жаңғырумен тығыз байланысты және жергілікті халықтың пайымынша космогония дегеніміз: «Барынша көңілді әрі әсерді, жан тебірентетін сөз сөйлеудің бір түрі, ән салу



шығармашылықтың ең бастапқы болмыс- көрінісі, ол жылаудың эмоционалдык көңіл-күйін барынша әсерлі етеді. Ән салу да өз кезегінде дәнеркерші болып табылады, ол тек Жаратушыға адами қажеттіліктер туралы паш етеді».

Сондай-ақ, ән салу, Навахо Құдіретті мазарын адамзат патшалығына айналдыруы мүмкін. Кинаальды өз зерттеулерінде Бата берудің салтанатты рәсімдерінің бірінде Шарлотта Фрисби былай деп түсініктеме береді: жыныстық жетілу рәсімін мерекелеу барысында навахо тайпасының қыздары кинаальды мифологиялық «Құбылмалы әйел» бейнесіне енеді. Оның атап көрсетуінше, мұндай «киндіру, жабыстыру, жарыстар, ән салу, белгілі бір ән топтамасын пайдалану, құдайларға рәсім туралы баяндау, Кинаальда мен Бата беру арасындағы байланыс» көптеген мифтік әңгімелерде кездеседі. Зерттеушінің пікірінше, баяндаудың негізгі құрамдас бөліктерін қайта жаңғырту әңгіменің біріншісінен екіншісіне салтанатты түріне ұласуына себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл кеңістік шығармашылық қарқынды орта болғандықтан «навахо дінінің негізі болып табылатын тұжырымдаманың адамдардың күш-жігерімен сабақтастыққа ұласқан, үйлесімділік тұжырымдамасына» қайшы келмейді.

Солтүстік Американың солтүстік-батыс жағалауының өркениеті Потча мерекесімен бірге қайта өрлеудің аса күрделі формаларын әзірлеген. Әулеттік құрылымдар мен бақуаттылықты дәріптейтін салт-жоралғыларға қатысушылар жаңа көшбасшыны таңдау немесе көсемнің ақтық сапарға аттануы секілді аса маңызды әлеуметтік өзгерістердің куәсі болу мүмкіндігіне ие болады. Мифологиялық тұрғыдан қарастырғанда би билеу, аңыз әфсананы бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар адамдар әлеміне тыныштық пен рухани ізгілік әкелген. Отбасылар арасындағы бір-біріне өзара сыйлық беру, тарту жасау, мереке өткізу шапқыншылық кезеңіндегі тарихи күрес туралы мәлімет береді. Мұндай айшықты әрекеттерге 1885 жылдары Канадада, Құрама Штаттарда заң жүзінде тыйым салынған, ол тек 1947 жылы ресми түрде заңды күшіне енді.

Тарихта көпшілік алдында сөз сөйлеу мен жалпы жамағаттың алдында баяндама жасау мысалдары жеткілікті. Үндіс практикасындағы өзіндік ерекшеліктердің бірі тарихты ән арқылы қайталау болып табылады. Антропологтар Робин мен Джиллиан Ридингтон мұндай әрекеттерге өздерінің 2006 жылы жарыққа шыққан кітаптарында «Жа4ар5ан 0ашан 2н айтасы4» деген атау берген. Олар айтып отырған Арманшылдар тайпасының өкілінің бірі Томми Атгачи есімді адамға тиесілі. Ол о дүниелік болғандардың артынан/ізімен өзінің ата-бабасымен тілдесу үшін және бүгінгі мен болашақты байланыстыру үшін ән салған. Ән салу осы әрекеттерді іске асыруға көмектеседі деп сенген. Робин Ридингтонның түсініктемесі бойынша «әрбір ауызша айтылған жаңа әндер жаңа ән ғана тудырмайды, сонымен қатар ол өткеннің еншісіне кеткен тарихты қайта жандандырады». Ридингтон мен оның қызметкерлері ондаған жылдар бойы Дэйн-Заамен бірлесіп жұмыс істейді, сондықтан да Арманшылдар тайпасының ауызша дәстүрін зерделеу осы үдерісті нақты қарастыруға мүмкіндік береді, мұны фольклорист Амбер Ридингтон «ауызша жетекшілік жасау» деп атаған.

Арманшылдар тайпасының әндері туралы нақты ақпараттар әншілер арасында бөлініп, ара-жігі ажырап кеткен, әрбір ән орынлаушы ән сақтай отырып, күнделікті нақты жәйттарға сәйкес әннің мәтінін өзгертіп отырған. Мұның, яғни, әннің бастапқы мәтіні мен оның айтылу барысындағы көп қатпарлы өзгерісінің айнымас дәлелі, антрополог Джулия Круикшанк зерттеген «Пит Сидней әні» болып табылады. Бұл ән Каакс'ачгук есімді тлингиттік адам туралы ауқымды тарихтың бір бөлігі болып табылады. Анжеланың тыңдармандардың алуан түрлі санатын білетіндігі әңгіме мәтінін ауқымын барынша кеңейтіп, оқиға барысындағы уақыт пен кеңістікті өзгертуге мүмкіндік береді. Бірде ол эпикалық кеңістік пен әулеттің тарихын байланыстырады, ал келесі әңгімесінде өзінің ұлының Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде шетелге жауынгер ретінде аттанғанын, оралған соң оған осы өлеңді сыйға тартқанын баяндайды.

Нәтижесінде, бір ән бірнеше тарихи оқиғаларға сілтеме жасауы мүмкін. Зерттеуші Круикшанк әңгімесін әулетті басқару тұжырымдамасын зерделеу немесе оларды есте мәңгі сақтау формасы ретінде түсіндіреді. Ол мынадай қорытынды жасайды: «Анжеланың көзқарасы бойынша ауызша дәстүр бізге өткен шақ туралы мол мәлімет береді, бірақ оның мағынасы арта береді. Өткен шақта болған тарихи оқиғалар заманауи оқиғалар туралы заңды болжам ұсына алады».

Байырғы америкалықтардың танымал ауызша музыкаларын зерттеген өзге де ғалымдар да өткенді саралайтын шығармашылық формаларға айрықша назар аударған. Кейде олар лирика үлгілері немесе архив материалдары болуы мүмкін. Олар сонымен қатар қоғамдық құндылықтарды және әлеуметтік құрылымдарды да мәңгілікке есте қалдыру үшін ән арнап, жаңа кеңістікте жариялауы мүмкін, мәселен, дыбыс жазу студиялары сияқты орындарды көрсетуге болады. Сонымен қатар, зерттеушілер Солтүстік Американың байырғы халықтарының түрлі миграциясының бағытын айқындау үшін вокалдық тембрді



зерттеген.

Молтүстік Америка үндістерінің мәдениетінде ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ НЫСАНДАР ы не болмақ?

Бeverли Даймонд өзінің зерттеу жұмысының келесі бөліміне «Нысандар тарих тағылымы» деген атау берген. Әрине, мұндай бөлімнің атауын оқығанда, көз алдыңызға бірден тарихтың бір саласы археология келеді, ал археология дегеніміз өткен өмірдің болмысын зерделеуге, олар туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін жарықшақтар мен үйінді астынан табылатын бөлшектер көзге елестейді. Алайда, кейбір нысандар тарихи қарым-қатынастың немесе әлеуметтік-саяси немесе діни қауымдастықтың нағыз дерек көзі болып табылады. Үйінді астынан табылған артефактар саяси қарым-қатынасты, әсіресе солтүстік-шығыста өмір сүрген көптеген байырғы халықтардың тарихи оқиғаларынан барынша мол мәлімет береді. Осыған орай Питер Набоков былай деп жазады: «Байырғы америкалықтардың ғимараттары тек әлеуметтік тәртіпті ғана емес, сонымен қатар олардың ғарышқа деген көзқарастарын да ретке келтіріп отырған». Көптеген көне әңгімелерде «алыс өткен шақ» немесе «аңыздар ғасыры/әлемі» жөнінде айтылады. Осы кезде «Тұңғыш үй» тайпаға жаңа мәдениеттің сыйлығы ретінде салтанатты түрде тарту етіледі. Кейбір тайпалар әлемнің жаратылуының өзін үйдің жасалуымен салыстырған, мұнда тұрғын үй мен ғарыш арасындағы метафориялық байланыс күшейеді. Осыдан кейін үндіс халықтары өздерің салттық күш-жігерлерін ғарыш арқылы қайта жандандырып, өздерінің архитектурасын немесе үйлерін қайта салдырған».

Сонымен қатар салттық мерекелердің қойылымы ретінде нысандар тарихқа сілтеме жасап, оған қолдау көрсетіп, оны өзгерту барысында жаңартып және қайта түлетіп, жандандыруы мүмкін.

Кейбір нысандар визуалды стенографияда ұқсас сипатта болуы мүмкін: Анишнабэ мен Равнин адамдарының және т.б. зарлы өлеңдер айтатын орамаларында ирокездер бейнеленген.

Би костюмдері мен биге арналған заттар да өз кезегінде, музыкалық аспаптар секілді қандай да болмасын естеліктерді еске түсіреді және тарихтан сыр шертуі мүмкін. Томас Веннум Оджибва би дабылына арнайы зерттеу жұмысын арнаған. Ол зерттеу жұмысын жүргізу барысында барабанның өмірін зерделейді – оның шығу тарихын, түсін, қандай материалдан жасалатынын, қолданысқа енгізілуін, мүмкін кейін қолданыстан шығып қалуын, Анишнабэ тайпасының тарихын жазады.

1980 жылдары SPINC жобасын жүзеге асыру барысында зерттеу тобы мұражай нысандарының бойында тарихи маңыздылық пайда болатынына назар аударады. Тіпті оларды мұражайға орналастырудың өзі абориген (байырғы тұрғындар) тарапынан сынға ұшыраған, олардың айтуынша, киелі заттарды мұндай жерде сақтауға болмайды.

Сүйек және ағаштан жасалған музыкалық аспаптардың құрылымы және оларда бейнеленген образдар мен бейнелер тарихтан сыр шертеді. Кейде бақсының мүйізден жасалған сылдырмағының бір жақ бетінен дәстүрлі рухани практикада кездесетін бейнелерді, ал келесі бетінен христиандық бейнелерді көруге болады. Кейбір жағдайларда бейнелер мен образдар қандай да бомасын оқиғаны мәңгі есте сақтау үшін музыкалық аспаптарға ойып бейнеленген. Тіпті қолдан жасалған даңғырада хоккей командасы ойыншыларының есімдері жазылған. Кейде музыкалық аспаптарға жазылған фразалар мен бейнеленген образдар мәдениетаралық қарым-қатынастың өзгергендігінің дәлелі болған; мәселен, секвойя қабығын пайдалану жиырмасыншы ғасырдың басында немесе ортасында қолөнер енді ғана дамып келе жатқан нарыққа қолданысқа енгізілетін аспап екендігін білдірген. Ақсақалдардың музыкалық аспаптар туралы әңгіме баяндарында көбінесе аспаптың қолданыстағы жайы (өмірі) немесе оның құрылымы мен маңызына өз үлесін қосқан құстардың, аңдардың, тіндердің, ағаштар мен тастардың кездесуі туралы баяндаған.

Өткізіліп отырған оқиғаларға сәйкес музыкалық аспаптарға сурет салынған, әшекей тағылған немесе бисермен әсемделген. Басылымдар және аудиожазбалар, нақты нысандар болып табылады. Мұрағатшылар Джудит Грей мен Лорел Серкомб мұндай құжаттар туралы толық ақпарат әзірлеп қана қоймай, сонымен қатар олардың терең тарихын зерделеп, үндістердің қордаланған жәдігерлерін жарыққа шығарды.

Құжаттардың құрылымы өте күрделі. Еуроамерикалықтар әзірлеген қолжазбалар мен басылған құжаттар көптеген көкейкесті сұрақтарға жауап береді. Салыстыру үшін Осаге немесе Омаха секілді тайпалардың «таяқшаларға жазған әндерінің» жазбасын; Ходеносонның зарлы әндерінің қамыс орамасына жазылған әндерін, Пассамакодди жазбаларын, Наваджо немесе «Анишнабэ әндер орамасын» қарастыруға болады. Олар аутентикалық тарихи нота жазуды ұрпақтарына қалдыру үшін емес, халықтың дәстүрлі өнерін дамытып, есте сақтау үшін, іс жүзінде мәңгі есте қалдыру үшін жасалған. Олар қысқартылған бейнелерді де қосқан (мәселен, түс көру арқылы), қарым-қатынастар немесе салттық үлгілер арқылы берілетін білім



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Бразилиялық музыка

қорын ұлықтаған, олардың мазмұны дәстүрлер күнделікті қолданыста болғанда ғана сақталады. Осагенің ән айтатын таяқшасы әрбір әнге белгі қойып, оларды белгілеріне қарай топтастырады, ал Анишнабэ мен Оджибвениң әндер орамасы әннің персонажын бейнелейтін белгілі фигураны немесе образды көрсетеді.

Американдық үндістердегі ГЕОГРАФИЯ ТАРИХТЫҢ БІР БЕТІ спетті

Үндіс мәдениетін зерттеуші ғалымдары нақты белгілі бір мекенжай өткен өмір туралы естеліктерді сақтайды әрі оны қайта жаңғыртуға себеп болатынын бұрыннан бері айтып келе жатыр. Антрополог Кейт Бассо бұл туралы өзінің танымал «Даналық жерде орнығады» деген еңбегіде егжей-тегжейлі баяндайды. Кейт өзінің көптеген әріптестері сияқты байырғы халық санатына кірмейді, олар өткен тарихтың сақтаушысы топографияның маңыздылығын жазады. «Апачиялық таулы өлке – деп жазады ол, мәдениеттің өзге де салаларына тереңнен еніп, сөйлеу дискурсының түрлі формаларын қамтиды, сыпайылық, әдептілік, данышпандық тұжырымдамасын да зерделейді. Ал кейбір дәстүрлі әдістер апачи тайпаларының тарихи өткенін түсіндіруге мүмкіндік береді».

Кейт Бассо өзінің әріптестерімен бірлесе отырып, осы жерде болған барлық музыкалық шаралардың қысқаша топографиялық тарихын зерделеген, кейіннен моралдық мінез-құлық пен құрметтің де шарттарын көрсетті.

Черкоидың көз жасы сүрлеуі «Бір тамшы қан» секілді нақты бір әнұранмен айқындалған. Олардың жаңа нұсқасында (Оклахома штаты) биге арналға жаңа алаңдар әзірленген, мұнда дыбыстармен қатар, тотемдік белгі-нышандар кеңістігі де белгіленеді.

Көптеген жағдайда саяхаттау немесе сапар шегу ән мәтінінде жол көрсеткіш ретінде бейнеленген. Инуиттердің әндері мен билері осының айқын дәлелі болып табылады. Олардың әндері көбінесе бишінің аңшылық бағдарының географиялық атаулар топтасынан басталады. Ешқандай түсініктеме берудің қажеті жоқ, әрбір есім топографиялық бағыт-бағдар беріп, белгілі бір сезім мен ассоциациялар туғызады. Түс көру барысындағы аян беру немесе бұрынғы ата-бабаларынан қалған аңыз-әңгімелерден айырмашылығы, бұл әндер аса мұқият нақтылықпен хронологиялық тәртіпте орналасқан. Биге арналған топографиялық әндер композиторлары өте танымал, олардың шығу тегі көптеген жағдайда маңызды әрі жекелеген жағдайларда айқындалады.

Алайда фольклорист Бодрийяр Америкадағы байырғы америкалықтардың аутентикалық әндерінің ноталар жинағын және жазбасын жаппай өндірушілік феноменін сипаттайды. Оның зерделеуінше, аудио жазбадан нота транскрипциясына дейінгі әрбір хаттау кезеңінде, ән өзінің қайталанбас бірегейлігін жоғалтып, солғын тартады.

Дыбыс жазу индустриясы байырғы америкалық түрлі тайпаларының әндер жинағын шығарып, нота басу индустриясын дамытумен қатар үнді музыкасын жазу саласына да мүдделі болып отыр. Сонымен, XX ғасырдың екінші жартысында қоғамның нэйтив-америкалық мәдениетке деген теңдессіз қызығушылығы арта бастады. «Енді әншілер мен бишілер америкалық үндістердің мәдениетін жалғастырушылар болып табылады, оларды кемсітпейді, керісінше, оған барынша басымдық танытып, мәдениетті байытып отыр. Кезінде үндістердің музыкалық іс-шаралары діни салт-жоралғылар ретінде қақпайланып, ал театралдық қойылымдар бейімделген үндіс мәдениетінің қайта жандануына мол мүмкіндіктер ұсынды».

Өткеннің еншісінде қалған батыстық музыка теориясына байланысты мәселелер тарихи әдіснамалар ретінде жариялануы мүмкін. Томас Веннум әннің формасының тарихын зерттеген, мәселен той, бұл заманауи паувау музыкасының негізінде әзірленген. Браунер мұқият тыңдай білудің де аса маңызды екендігін атап көрсеткен. Паувау тайпасының арасындағы әндердің акустикалық географиясын сараптай отырып, ол аймақтық ерекшеліктердің нақты тарихын дәйекті негізде ұсынады, солтүстік және оңтүстік стилдердің қысқартылған санаттарына назар аударады, олар қазіргі таңда барынша көп пайдаланылады. Нәтижесінде, Тулк Микмак қағидатының құрылымын зерттеп, музыкалық шығарманың қалай дүниеге келетінін анықтайды. Ал Скэйлз байырғы халықтар музыкасы тарихының жаңа кезеңін құрайтын паувау шығармаларына негіз болған мағыналық реңктерді-қабаттарды айғақтады.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Смитсон институтының баспасы, (2002) «Үндістердің заманауи музыкасы», The Women, The World of Music, (2005)
2. PD Greene, T. Porcello (2002) «Әлеуметтік әрекет ретіндегі Медиа: байырғы америкалық музыканттары дыбыс жазу студиясында», «Wired for Sound: Sonic Cultures» тегі техника мен технологиялар,



3. Ганновер, NH: Университетінің баспасөзі Уэслиана мен Жаңа Англия Университетінің баспасөзі «Пақырлардың заманауи музыкасы: бірегейліктен альянс зерттеулерге дейін», European Meetings in Ethnomusico (2007)
4. «Солтүстік Американың шығыс бөлігіндегі байырғы американдықтар музыкасы: азапты музыка», Экспресс-мәдениет, Нью-Йорк: Оксфорд университетінің баспасы
5. Даймонд Б., Кронк М. С. пен Розен Ф. (1994) «Дыбысты көру: Musico / Американың солтүстік-шығысындағы байырғы халықтардың қауымдастықтарының аспаптары», Ватерлоо, ON: Университет баспасөзі Уилфрида Лорье
6. Дикасон ОР (1992) «Канаданың алғашқы халықтары: адамдардың з Earliest Times, Торонтоқоныстану тарихы:
7. McClelland & Stewart Dorson RM (1961) «Этнотарих пен этникалық фольклор», Этнотарих,
8. Doxtator D. (2001) «Барлығын қамтитын және ерекше ұғынудағы айырмашылықтар: туыстар мен уақыттың евро тұжырымдамасына негізделген тарих пен өзгеріс», кітапта: Г. Варкентина (ред.) «Қайта өрлеу дәуіріндегі арналымдар: Канада мен Европа», Торонто Университеті Пресс,
9. Элиаде М. (1959) «Ғарыш пен тарих: мәңгілік жайлы миф/ Қайтып оралу», Нью-Йорк:
10. Харпер Эллис С. (2003) «A Dancing People Паувау Ку», Лоуренс: Канзас-Эллис Университетінің баспасы,
11. Dunham (2005) Powwow, Линкольн: Небраски Университеті Пресс
12. Фогельсон Р. Д. (1974) «Үнді тарихының алуан түрлілігі: Секвойя мен саяхатшы-құс, Journal of Ethnic Studies
13. Фаулер Л. (1987) «Ортақ белгілер, талас туғызатын мағына: Грос Вентре, тарих пен тарих 1778-1984», Итака, Нью-Йорк: Корнелль университетінің баспасы
14. Фрисби СД (1967) «Kinooldo: Жаңа Гирдегі жыныстық жетілу рәсімін зерттеу», Солт-Лейк-Сити: Юта Университеті Пресс